

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі**  
**Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің жұмылдыру резервінің**  
**материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен)**  
**жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

19.02.2015 ж.  
сағ.: 18:00

**Тендерлік комиссия құрамы:** А.Ә. Сәду – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің (бұдан әрі – ММРК) төрағасы, тендерлік комиссияның төрағасы;

**комиссия мүшелері:** С.К. Сабырбаева – ММРК төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Д.А. Нұрқанов – ММРК Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы; М.Б. Мағұлов – ММРК Жұмылдыру бөлімшесінің бас сарапшысы; Ә.А. Төребекова – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасы сарапшысының м.а., тендерлік комиссиясының хатшысы.


*(Қатыспаған: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2015 жылғы 18 ақпандағы № 5-Д бұйрық)*

**Күн тәртібі:**

1. № 35 лот бөлігінде 2015 жылғы 5 ақпандағы ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия шешімінің күшін жою бойынша сұрақты қарау.

Осыған дейін тендерлік комиссия шешімімен «Qazaq cargo» ЖШС № 35 лот бойынша жеңімпаз ретінде танылды. Алайда, 2015 жылғы 16 ақпанда «Жол Жөндеуші» Компаниясы» ЖШС-нен № 35 лотта көрсетілген Д-65 төсегіштерінің нақты саны 75,022 тонна көлемінде екендігі туралы № Умтс – 2/429 хаты келіп түсті. Осылайша, «Жол Жөндеуші» Компаниясы» ЖШС хатынан Д-65 төсегіштерінің жетіспеушілігі 174,978 тонна құрайтыны шығарылды. Нақты санның 2014 жылғы 31 желтоқсандағы тендерлік комиссия шешімімен бекітілген Шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес келмеуіне байланысты, тендерлік комиссия ашық түрде дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. № 35 лот бөлігінде 2015 жылғы 5 ақпандағы ММРК жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия шешімінің күшін жою және Тізбеден бұл лотты алып тастау.




Осы шешімге:  
тендерлік комиссияның 4 мүшесі - «қолдаймын»;  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын»  
деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия отырысы 2015 жылғы 19 ақпандағы сағ. 18:15 бітті деп есептелсін.

**Комиссия төрағасы:**

Сәду А.Ә.

  
\_\_\_\_\_


**Комиссия төрағасының орынбасары:**

Сабырбаева С.К.

  
\_\_\_\_\_

**Комиссия мүшелері:**

Нұрқанов Д.А.


  
\_\_\_\_\_

Мағұлов М.Б.

  
\_\_\_\_\_

**Комиссия хатшысы:**

Төребекова Ә.А.

  
\_\_\_\_\_